

2012 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 69 қаулысы. Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 3 сәуірде № 9-17-136 тіркелді

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабына, 7-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес Сарыкөл ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін 2012 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесі белгіленсін:
жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
алған мамандығы бойынша еңбек өтілі мен тәжірбиесі жоқ техникалық және кәсіптік білім, орта білімнен кейінгі ұйымдардың бітірушілері;
ұзаққа созылған (он екі және одан көп айлар) жұмыссыздықты бастан кешірген
а д а м д а р ;

елу жастан асқан адамдар;
жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның жолдамасы бойынша кәсіптік оқуды бітірген жұмыссыздар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.М. Дүтпаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Тұрсынов